КОПИЯ/КӨШІРМЕ

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

2024 жылғы 4 мамыр №7119-24-00-2/4739 іс Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья А.Д.Смаилов, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

**ТАЛАП ҚОЮШЫ:**
Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің «11567 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесі

**ЖАУАПКЕР:**
Жеке кәсіпкер «Молдадосова» Алтыншаш Ауланқызы Молдадосова

**ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:**

1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

**ҚАРАР БӨЛІГІ:**

АПК-нің 267-4, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот,

**ШЕШТІ:**

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің «11567 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесінің талап қоюы – қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Молдадосова» Алтыншаш Ауланқызы Молдадосова мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Молдадосова» Алтыншаш Ауланқызы Молдадосовадан мемлекеттік кірісіне 18 014 (он сегіз мың он төрт) теңге тұрақсыздық айыбы, 540 (бес жүз қырық) теңге мемлекеттік бажға төленуі тиіс сот шығысы өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде

КОПИЯ/КӨШІРМЕ



хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья А. Смаилов

Құжатқа қол қойылған: Смаилов А. Д., 04.05.2024

Заңды күшіне енген күні: 11.06.2024, судья Смаилов А. Д., 26.06.2024

7119-24-3-1/4353